

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес

Сарыағаш қаласы
2024-2025 оқу жылы



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева *Серибаева*
«29» тамыз 2024 жыл

Педагогикалық кеңестер жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 пед. Кеңес 1. Жазғы - сауықтыру , шынықтыру шараларының қорытындысы. 2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы. 2024 жылы шілде айында өткен «Үздік тәрбиеші» байқауының жеңімпаздарын құттықтау. 3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметін кестесін бекіту.	тамыз	Б/б меңгерушісі У.О.Серибаева Топ тәрбиешілері Г.Жакиянова У.Темірбаева

2	№2 пед.кеңес 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы .Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. Ашық есік күні жоспары бойынша өткізілетін топтарды бекіту.Қазан айында балабақшада өткен «Педагогикалық идеялар» фистеваліне қатысқан тәрбиешілерді марапаттау. 3.Бір күндік күн тәртібінің сақталуы,барлық топ.	қазан	Б/бмеңгерушісі У.О.Серибаева Ересек, топ тәрбиешісі Г.Жакиянова
---	---	-------	---

3	№3 пед.кеңес Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы. Ашық іс-тәжірибе алмасу: 1.«Ертегіде қонақта» 2. «Қыс қызығы» 3. «Қазақстан байлығы» 4. «Үй жануарлары» 5. «Ұлттық тағамдар» 3.«Кітап бұрышын ұйымдастыру» балабақшадағы барлық топтарда кітап бұрышын ұйымдастыру. 4.Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас.	қаңтар	Б/бмеңгерушісі У.О.Серибаева Топ тәрбиешілері Г.Жакиянова У.Темірбаева
4	№ 4 Педкеңес Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы. « Көтеріңкі көңіл – күй, жанға қуат береді» .Тренинг психолог «Ұлттық ойын арқылы баланы тәрбиелеу» Ересек «Балбөбек» топ тәрбиешісі. Топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнының сапасы.Тақырыпты тексеру.	Наурыз	Б/бмеңгерушісі У.О.Серибаева Тәрбиеші У.Темірбаева Топ тәрбиешілері
5	№ 5 Педкеңес 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде. 2.Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Жеделтексерудің қорытындысы. 3.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі. 4.Қорытынды мониторинг. 5.Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту.	Мамыр	Б/бмеңгерушісі У.О.Серибаева Топ тәрбиешілері

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы.

Педагогикалық кеңестің

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар : 7

29.08.2024 ж

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жазғы - сауықтыру , шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметін кестесін бекіту.

Бірінші мәселе бойынша күн тәртібіндегі балабақша меңгерушісі:

У.О.Серибаева сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін айтты, алдағы оқу жылында жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде сапалы, жаңаша мазмұнда оқутәрбие үдерісін жүргізуде жауапкершілікпен қарауға шақырды . Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының қорытындысы туралы айтып өтті.

Балабақшадағы жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады. Балабақшадағы білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының

5 бабының 5-1 тармақшасына, 56 – бабына сәйкес әзірленді және мыналарды:

- 1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына;
- 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды дейді.

- 4) Тәрбиеші балалар мен жұмысына өте тиянақты, сабырлы, ықыласпен қарай білу керек. Қойған мақсатынан ауытқымай, баланың жас ерекшелігі мен жеке ерекшелігіне де мән беру маңызды.

Барлық топтардың таза ауада өткізген жазғы сауықтыру шаралары өте жақсы деген баға беріліп, алдағы уақытта жазғы іс – шараларды қызықты, пайдалы жағын қарастыру тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып, түсініктемелер берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды негізге ала отырып тәрбиелеу – білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды, Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі деді.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға, тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарын атап көрсетті

- кіші топ – 2 жастағы балалар,
- ортаңғы топ – 3 жастағы балалар,
- ересек топ – 4 жастағы балалар,

Жаңа оқу жылында осы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарымен, ережелерімен жұмыс жүргізуді тапсырды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институтының» мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2024 – 2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып өтті.

Құрметті әріптестер еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдар қызметін, сапасын жақсарту мақсатында еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін барлық өңірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қамтылып, бақылаулар жүргізді. Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалған: «Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі» көрсеткіші бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар арасындағы кикілжіңде қалай әрекет ету керектігін және туындайтын кикілжіңдерді шешуге балалармен келіс сөздер жүргізуге және оны шешуге қалай

көмектесу керектігін білмейтіндігі. «Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты пайдалануы» көрсеткіші бойынша кітаптарды бақылау кезінде мүлде қолданбауы, ал «Балаларды кітап қолдануға баулу» көрсеткіші бойынша балаларға арналған жұмсақ ыңғайлы бұрышы бар кітап оқу үшін арнайы ұйымдастырылған орынның болмауы немесе болған жағдайда кітаптардың қолжетімді болмауы; «Өнер» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына лайық еместігі анықталаған. Тексеру нәтижелеріне сүйене отырып тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасында ұсынылған перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісімен таныстырып, алдағы жылы сабақтастық, демек кіріктірілген түрде оқу тәрбие жұмысы жоспарланады, жүргізіледі деп тап өтті. Тәрбиешінің жүргізетін 3 құжаты перспективалық жоспар, циклограмма, бала дамуының мониторингі екенін де, нақтылап өтті.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай түзілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесін бекітті.

ШЕШІМ:

1. Жазғы сауықтыру жұмысындағы міндеттердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын .

Жауапты: Тәрбиешілер

2. Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптарына сай оқу тәрбие үдерісі жүргізілсін.

Жауапкершілікті өзіме қалдырамын

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2024 – 2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттың қағидаларына сәйкес заттық дамыту орталар құрылып, балалармен оқу тәрбие үдерісі балалардың қызығушылығына, ерекшеліктеріне қарай жүргізілсін.

Жауаптылар: Меңгеруші, жалпы педагогтар.

4. Бекітілген үлгілік оқу жоспары, күн тәртібіне , ұйымдастырылған оқу

қызметінің кестесіне сай күнделікті, жүйелі балалардың өмірі ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: Барлық педагогтар

Төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



А.Рысбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы.

Педагогикалық кеңестің

№ 2 хаттамасы

Қатысқандар : 7

21.10.2024 ж

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы .
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы
3. Ашық есік күні жоспары бойынша өткізілетін топтарды бекіту.
4. Бір күндік күн тәртібінің сақталуы,барлық топ.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті: Күн тәртібі құрылымы бойынша циклограмма жоспары түзіліп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерд театрландырылған қойылымдар, желілік рөлдік ойындар, танымдық ойындар ұйымдастырылуда. Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту мақсатында алынуда, топтағы кітап бұрышын ата-аналардың қатысумен толықтырылып, үйде де оқып танысуға ұсынылды және заттық-дамытушы орталар мазмұны да толықтырылып отыр деді

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген жаңа Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырып өтті:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін ең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, – 5 жастағы балалар.

Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл,

бір жас тобында –1 жыл.

Педагог балаға ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;өзі ойнауды;ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады

Бағдарламада ерте жас тобында (1 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы өткізледі. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және мүсіндеу, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Кіші топ (2 жастағы балалар) Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

4- Ересек топ (4 жастағы балалар)

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктеріне ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мектепалды (5 жастағы балалар)

мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды тобына/мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныбына (5 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлейді. Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған

іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін амыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Жаңа үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрауды тапсырды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, ашық есік күні-бұл ата-аналармен жұмыс жасаудың бір түрі, бұл оларға мектепке дейінгі білім беру мекемесімен, оның дәст.рімен, ережелерімен, оқу процесінің міндеттерімен танысуға мүмкіндік береді

Бұл іс – шараның мақсаты ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату, балаларды бірлесіп тәрбиелеу міндеттерін анықтау және оларды жүзеге асыруға зор мүмкіндік деп санаймын. Алда келе жатқан 25-ші қазан Республика күніне орай ашық есік күніне орай балабақшамыздың Ересек «Звездочки» тобы, Ортаңғы «Улыбки» топтарында ашық тәрбие сағаттары өткізілсін. Ендеше, рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім ғана ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана–болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтушы ұрпақ. Бала тәрбиелеу — ата-анадан басталып, балабақшада жалғасып, бүкіл қоғам болып ат салысатын жауапты міндеттің ең бастысы. бүлдіршіндерді отан сүйгіштікке тәрбиелеу керек екенін айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды, Жалпы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маманымыз , сол үшін өз міндеттерімізді адал, дұрыс атқару әрбір педагогтың міндеті. Өткен кеңестерде заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілуі, ұсынылды. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс- шаралардан тұратын күн тәртібінде балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы, балалар оқу қызметінің түрлері ұйымдастырылған оқу қызметі, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу қарастырылады. Күн тәртібінің сақталуын тексеру барысында барлық топтарға ұсыныстар. Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру ұсынылады. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет.

Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету керек. Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады.

Барлық бөлмелер күн сайын желдетілуі тиіс. Топ бөлмелерінде балалар болмаған кезде өтпелі немесе бұрыштық желдету қамтамасыз етілсін. Желдету балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылсын.

Демалыс уақытында балалардың оңаша ойнауына арналған үйшік, 1-2 баланың топтағы балалардың қызу әрекетінен алшақтап, демалуына немесе бірлесіп, кітап қарауға және дербес ойнауына ыңғайлап жасақтау керек. Демалыс орнын жұмсақ балалар креслоларымен және диванмен ал үйшікті шағын көрпелер мен жастықтар, жұмсақ ойыншықтармен жабдықтауға болады. Балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті матадан жасалған шатыр немесе киіз үй формасында қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіріп жасауға болады.

Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту ұсынылды. Серуен күнделікті серуендеу балалардың денсаулығын нығайту, олардың қимыл белсенділігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаршаудың алдын алу үшін маңызды. Балалардың күнделікті таза ауада серуенде болуы оның физикалық дамуына әсерінің маңыздылығын ескере отырып, серуеннің мазмұнын жан-жақты ойластыру, оны балалар үшін қызықты түрлі әрекеттермен: ойын (дербес қимылды және сюжетті ойындар, ұлттық ойындар), танымдық, коммуникативтік, зерттеу әрекеті және басқалармен өткізу ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

2. Жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрау.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

3. Ашық есік күні жоспары бойынша ұйымдастырылған оқу-қызметі өте жүйелі өткізілсін.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

4. Педагогтер «Бір күндік күн тәртібінің сақталуы» ережесінен ауытқымай бекітілген күн тәртіп жоспарын жауапкершілікпен жүргізілсін.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

Төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



А.Рысбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы.

Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

Қатысқандар : 7

30.01.2025 ж

КҮН ТӘРТІБІ

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.

2. Ашық іс-тәжірибе алмасу:

1.«Ертегіде қонақта»

Тәрбиеші: У.Темірбекова

2. «Қыс қызығы»

Тәрбиеші: М.Нурова

3. «Қазақстан байлығы»

Тәрбиеші: М.Жулдасбекова

4. «Үй жануарлары»

Тәрбиеші: Г.Кошикбаева

5. «Ұлттық тағамдар»

Тәрбиеші: С.Бозарбаева

3.«Кітап бұрышын ұйымдастыру» балабақшадағы барлық топтарда кітап бұрышын ұйымдастыру.

4. Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас.

5. Мемлекеттік аттестациялау. Өзін-өзі бағалау қортындысы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті:

Жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-мазмұндарымен тиянақты танысып, кіріктірілген негізде, ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлеу, апта сайын циклограмма құрау жұмыстары жүргізіліп жатыр, сонымен бірге жедел тексеру нәтижелері бойынша ұсыныстар да орындалуда.

Оқу тәрбие үдерісінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы нұсқаулығындағы педагогтерге қажетті материалдар, ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелерін қызмет сапасын көтеру мақсатында пайдаланып та жатырмыз деді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева ашық оқу қызметінің жоспарын бекітіп, барлық педагогтардың атсалысуын айтып өтті. Тәрбиешілер іс-тәжірибе алмасу мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсеткен педагогтардың іс-әрекетіне талдау жасады. Камуникативтілік дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілік оқу бағдарламасына сай. Денсаулық сақтау технологияларын, балаларды диалогиялық сөздік қорын байытып, монологиялық сөйлеуге үйрету әдістерін, артикуляциялық ойындарды, белсенді және пассивті сөздікті қалыптастыру мақсатында жан-жақты жаңа технологияларды қолдансын.

- | | |
|------------------------|--------------------------|
| 1.«Ертегіде қонақта» | Тәрбиеші: У.Темірбекова |
| 2. «Қыс қызығы» | Тәрбиеші: М.Нурова |
| 3. «Қазақстан байлығы» | Тәрбиеші: М.Жулдасбекова |
| 4. «Үй жануарлары» | Тәрбиеші: Г.Кошикбаева |
| 5. «Ұлттық тағамдар» | Тәрбиеші: С.Бозарбаева |

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі У.О.Серибаева«Кітап бұрышын ұйымдастыру, балабақшадағы барлық топтарда кітап бұрышын ұйымдастыру тақырыбында мәселе көтерді . Барлық педагог "Кітап бұрышын" шығармашылықпен безендіріп, жұмысын қолға алуды айтып өтті. Барлық топтарда кітап бұрыштары (ертегілер, әңгімелер, өлеңдер), сондай-ақ балалар топтарда қазақ, ертегі кітаптары жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштарға арналған кітаптар қорын көбейтуге атсалысайық. Болашақта жұмбақтар, ертегілер бойынша суреттер, ертегілер бойынша ертегі кейіпкерлерінің үлкен демонстрациялық суреттері, музыкалық кітаптар, 3D кітаптар, театр түрлерімен толықтыру. Ересек топтарында балалардың қызығушылығын, танымдық белсенділігін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу, оқу мәдениетінің негіздерін қалыптастыру , көркем образдар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі У.О.Серибаева сөз алды.- Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру. Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойына із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын біз тәрбиешілерге аса назар аударады. Осы үшінші мәселені негізгеала отырып біз, сіздер ата-аналар балаларымызға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керек. Баланың бойына адамгершілік нормаларын меңгерту,еңбекке баулу, жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Әр отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген.

Әр отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты – жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға салауатты өмір салтына тәрбиелеу болады. Сондай-ақ әр отбасында адам зиялылығының негізі ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінеді.

Бесінші мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» № 319 Заңының 59-бабы, 4, 4-1 тармақтарының негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 8-тармағына сәйкес, ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі 2025 жылғы 05 қаңтар № 10 бұйрығымен 2025 жылға бекітілген мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «05» қаңтар мен «24» қаңтар 2025 жыл аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды білім беру ұйымы басшысының 2025 жылдың «05» қаңтар №10 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі - комиссия) өткізілді:

1. У.О.Серибаева- ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесінің меңгерушісі комиссия төрағасы;
2. А.И.Рысбаева. –ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесінің әдіскер психологы комиссия мүшесі;
- 3.Г.О.Кошикбаева–ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесінің тәрбиешісі комиссия мүшесі;
- 4.С.К.Бозорбаева–ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесінің тәрбиешісі комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес, білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен объектілері бойынша өзін-өзі бағалау білім беру ұйымының мақсаты мен міндетіне, білікті қызметкерлердің болуына, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база, оқыту және білім беру оның ішінде бөбекжай мөрімен бекітілген бөбекжайдың жылдық жоспары, перспективті жоспар, тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы, оқу-материалдық активтер, оқу-әдістемелік кешендерге, тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Білім беру ұйымының білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалауға талдау жүргізді.

ШЕШІМ

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

2. Ашық іс-тәжірибе алмасу барысында балалардың, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

3. Балабақшадағы барлық топтарда кітап бұрышын жасау, жаңартып толықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытуда барысында ойын — тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейте тәрбиелейді.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

Төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



А.Рысбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы.

Педагогикалық кеңестің №4 Хаттамасы.

Қатысқандар – 7.

03.03.2025 ж

КҮН ТӘРТІБІ

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.« Көтеріңкі көңіл – күй, жанға қуат береді» .Тренинг психолог
3. «Ұлттық ойын арқылы баланы тәрбиелеу» Ересек «Звёздочки» топ тәрбиешісі.
- 4.Топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнының сапасы.Тақырыпты тексеру.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды. Өз сөзінде өткен педагогикалық кеңес бойынша қаралған мәселелер, оның ішінде күнделікті ертеңгілік жаттығулармен тәрбие іс-әректтерінің өткізілуі, балаларға сауықтыру жұмыстарының дұрыс жүргізілуі жолға қойылғандығы жайлы айтылды. Кітап бұрышының салыстырмалы тексеру кезінде Ересек «Звёздочки» тобы алдыболды. Кіші «Улыбки» тобына ұсыныстар беріп кітапты көбейту керегін ескертті. Топтар арасында өткізілген ашық оқу қызметтерін қанағаттанарлық деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша балабақша психолог А.И.Рысбаева дайындаған тақырыбы «Көтеріңкі көңіл – күй, жанға қуат береді» тренингі қатысушылардың эмоционалдық көңіл – күйін, шаршағандықтарын басып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Педагогтарға ойындар ойнатып, жаттығулар түрлеріментаныстырды және жақсы көңіл – күй сыйлады.

Балабақша тәрбиешісі тренинг жайлы былай деді: Тәрбиешілердің эмоционалды көңіл – күйлерін көтеріп, кәсіби шеберлігін арттырып және топтасып жұмыс істеуді дамытты. Жалпы айтқанда мағанұнағаны ойындары, билері бір көңіліміз көтеріліп демалып қалдық.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі М.Жулдасбекова сөз алды. Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған. Онда мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді ойын түрлерін қамтып, мақсатын ашып көрсеткенін айтты. Ұлттық ойын арқылы балаларға орасан зор тәрбие беруге болатынын айтты. Ойын — тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейте тәрбиелейді. Балабақша тәрбиешілері балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар ұйымдастырып, ойындардың мақсатымен таныстырып өтті.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші— С.Бозарбаева балалар арасындағы ынтымақты қарым- қатынас өте жақсы. Тәрбиеші балаға тапсырманы беріп, зейінін ұстап тұру қабілеті жақсы.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші— Г.Кошикбаева бүгінде ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіріп өсуіне біз яғни тәрбиешілердің тікелей міндеттеріміз болып саналады деп ойлаймын. Ересек «Звёздочки» топ тәрбиешісі У.Темірбекова апайдың «Ұлттық ойын арқылы баланы тәрбиелеу» атты баяндамасын тыңдай отырып керемет тәжірибе алдым.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнның сапасы тақырыпты тексерудің қорытындысы туралы сөз қозғады. Балабақшада балаларды табиғатпен таныстыру үшін табиғатпен үнемі тікелей байланыста болу талап етіледі. Табиғат бұрышында өсіп тұрған гүлдер эртоптың жас мөлшеріне сай болуы тиіс, сонымен қатар қауіпсіз болуы керек деп сөз кезегін әдіскерге берді.

СӨЙЛЕГЕН:

Балабақша тәрбиешісі: М.Жулдасбекова— топтар арасындағы табиғат бұрышын тақырыпты тексерудің қорытындысы жайлы сөз қозғады. Топтар арасында «Табиғат бұрышы» байқауы өтті. Табиғат бұрышында балалармен жұмыс жасау барысында топ тәрбиешілері өз міндеттерін атқарған, табиғи материалдармен безендірген. Топтар арасында Ортаңғы «Улыбки» тобы үздікке лайықты деп айтуға болады, тәрбиешісі. Табиғи материалдармен, қабықшалар, қиыршық тастар, конустар, бұтақтар, өсімдіктермен жануарлардың макеттері қойылған, стандартқа сәйкес жабдықталған. Осындай байқаулар жалғасын таба берсін.

ШЕШІМ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

2. Психолог «Көріңкі көңіл-күй, жанға қуат береді» тренингі жақсы деп бағаланды.

Жауаптылар: Психолог: А.И.Рысбаева

3.«Ұлттық ойын арқылы баланы тәрбиелеу» атты оқыған баяндамасы жоғарғы деңгей бағаланды.

Жауаптылар: Тәрбиеші : М.Жулдасбекова

4.Топтар арасындағы «Табиғат бұрышы» тақырыпты тексерудің қорытындысына жасалған ұсыныстар орындалсын.

Жауаптылар: Меңгеруші және барлық педагогтар.

Төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



А.И.Рысбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы.

Педагогикалық кеңестің

№5 Хаттамасы.

Қатысқандар – 7
26. 05. 2025ж.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
- 2.Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Жедел тексерудің қорытындысы.
- 3.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі.
- 4.Қорытынды мониторинг.
- 5.Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөз алды. Өз сөзінде өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің ойдағыдай орындалып жатқанына тоқталып өтті. Балабақшаны одан әрі қарай көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай әдіскерге және тәрбиешілерге сөз кезегін берді.

СӨЙЛЕГЕН:

Балабақша тәрбиешісі: М.Жулдасбекова сөз алды №4 педагогикалық кеңестің шешімі талқыланды. Бала денсаулығының нығаюына арналған іс-шаралардың жоспары көрсетіліп, балалармен жасалған жұмыстардың есебі оқылып, суреттері көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева былай деді: балабақша мен ата-анаға арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны ерекше екенін түсіндіру: ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген асыл сөз бар, бала әкеден ақыл, анадан мейрім алады. Сол себепті ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы жедел тексерудің қорытындысын тыңдады.

СӨЙЛЕГЕН:

Балабақша тәрбиеші: М.Жулдасбекова ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлерін жоспарлау туралы тоқталып өтті. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсынады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс тіліктерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ – жауап кештері, әдіс – тәсілдер қарастылады. Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым – қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетіне ықпалы нәтижелі болмақ. Біздің мақсатамыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөйледі. Өз сөзінде тәрбиешілердің шығармашылық тақырыбына есеп беруіне тоқталып өтті. Жалпы мектепке дейінгі мекмелерде балалардың ой-өрісін, санасына, туған тіліне хақына деген сүйіспеншілігі мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ұлттық рухты бойларына сіңіру, ана- тілімен Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева сөйледі, қорытынды мониторинг жайында үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіп, қорытынды бақылау нәтижелеріне тоқталып өтті.

1. Ересек «Звёздочки» тобы.

Бала саны – 25.

Тәрбиешісі: У.Темірбекова

Физикалық дағды :

Жоғарғы -

Орташа –

Төмен –

Коммуникативтік дағды:

жоғары –

орташа –

төмен-

Танымдық дағды:

жоғары -

орташа -

төмен –

Шығармашылық дағды:

жоғары –

орташа –

төмен –

Әлеуметтік дағды:

Жоғары –

орташа -

төмен -

2. Ортаңғы «Улыбки» тобы.

Бала саны – 25

Тәрбиешісі: М.Жулдасбекова

Физикалық дағды:

Жоғары –

орта-

төмен-

Коммуникативтік дағды:

Жоғары -

орта –

төмен-

Танымдық дағды:

Жоғары –

орта-

төмен –

Шығармашылық дағды:

жоғары –

орта-

төмен-

Әлеуметтік дағды:

жоғары-

орта-

төмен-

3. Кіші «Капельки» тобы.

Бала саны -20.

Тәрбиешісі: С.Бозарбаева

Физикалық дағды:

жоғары-

орта-

төмен-

Коммуникативтік дағды:

жоғары-

орта-

төмен-

Танымдық дағды:

жоғары –

орта-

төмен-

Шығармашылық дағды:

жоғары-

орта-

төмен-

Әлеуметтік дағды:

жоғары –

орта-

төмен

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева медбике мен әдіскер жаздық сауықтыру жоспарын ұсынды. Жаздық сауықтыру жоспары суық сумен, тұзды сумен, денесін ысқалау, су, ауа, күн ванналарын қабылдау жұмыстарын қамтыды. Жазда хауызда шомылу, ауыз қуыстарын шаю т.б.. Рационды құнарлы тамақтандыру дәрумендерге бай және піскен жемістерберу, қайнатпа сусындар беру қарастырылған. Жазғы сауықтыру жұмыстарының өтілуі барысында қадағалау жұмысы топ тәрбиешілерімен медбике, басшылық жасау әдіскер жүктеледі. Жаздық ұйымдастырылған іс-әрекет және үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, ойын- сауықтар қаралып бекітілді.

ШЕШІМ

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

2. Ата – аналармен жұмыстың қолайлы нәтижелі формасы жүргізілсін. Жедел тексерудің қорытындысына жасалған ұсыныстар орындалсын.

Жауаптылар: Меңгеруші, Тәрбиешілер.

3. Үлгілік оқу мазмұнын игеру нәтижелерінің сапасын арттыруда балалармен жеке жұмыстар жоспарлау.

Жауаптылар: Меңгеруші, Тәрбиешілер.

4. Қорытынды мониторингінің жеке даму картасындағы үлгерімі қанағаттанарлық

Жауаптылар: Меңгеруші, Тәрбиешілер.

5. Жазғы маусымға арналған ұйымдастырылған іс-әректің кестесін оқу тәрбие үдерісін жүргізу, іс-шараларды медбикенің қатысуымен өткізу.

Жауаптылар: Тәрбиешілер, медбике.

Төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



А.И.Рысбаева